

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»

**«Мирас» университетінде білім алушылардың
қорытынды аттестациясын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

**ПОЛОЖЕНИЕ
о проведении итоговой аттестации обучающихся в
университете «Мирас»**



Университет ОӘК отырысында талқыланды
Обсуждено на заседании УМС университета
Хаттама № 10, «26» мамыр 2017 ж.

Университет ҒК отырысында бекітілді
Утверждено на заседании УС университета
Протокол № 10, «31» мамыр 2017 г.

Шымкент, 2017 г.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасымен ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

2017 жылдың «31» мамырдың № 10 хаттамасы «Мирас» университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен 2017 жылдың 1 қыркүйектен бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

«Мирас» университетінде оқитын студенттердің қорытынды аттестациясын өткізу туралы Ережеде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерінің, білім алушылардың ағымдағы оқу-үлгерімінің, аралық және қорытынды аттестация бақылауын өткізудің типтік тәртібінің негізгі ережелері іске асқан. Ереже «Мирас» университетінде студенттердің қорытынды аттестациясын өткізудің мақсатын, негізгі формаларын және тәртібін анықтайды.

Аталған Ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және оқу орнының оқыту қызметінде ішкі қолданыс үшін арналған.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Нормативтік сілтемелер | 4 |
| Мағынасы жіне қысқартылуы..... | 5 |
| Негізгі терминдер және олардың анықтамасы | 6 |
| 1. Білім алушыларды қорытынды аттестациялаудың жалпы тәртібі | 8 |
| 2. Мемлекеттік аттестациялық комиссияны жасақтау тәртібі..... | 9 |
| 3. Студенттердің қорытынды аттестациясын өткізуге дайындық..... | 10 |
| 4. Қорытынды аттестацияға студенттерді жіберу..... | 11 |
| 5. Студенттердің қорытынды аттестациясын жүргізу..... | 12 |
| 5.1 Қорытынды мемлекеттік емтихандарды өткізу..... | 12 |
| 5.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауды өткізу..... | 15 |
| 6. Бағаларды қою критерилері..... | 17 |
| 6.1 Мемлекеттік емтиханда бағаларды қою критерилері..... | 17 |
| 6.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауда бағаларды қою критерилер..... | 18 |
| 7. Апелляция және қорытынды аттестациялауды қайта тапсыру ережелері..... | 20 |
| 8. Жоғары білімі туралы дипломды беру..... | 22 |
| 9. Қорытынды аттестация бойынша есеп..... | 23 |
| Қосымшалар | |

«Мирас» университетінде білім алатын студенттердің қорытынды аттестациясын өткізу туралы Ереже

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Аталған ереже келесідей нормативтік құжаттар негізінде жасалған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27 шілде 2007 ж., № 319-ШҚРЗ (05.05.2017 ж. бойынша өзгерістерімен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 17 мамыр 2013 жыл № 499. Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім мекемелерінің қызметінің типтік ережелері (07.04.2017 ж. бойынша өзгерістерімен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 23.08.2012 жыл № 1080. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарты (13.05.2016 ж. өзгерістерімен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 23.08.2012 жыл № 1080. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім стандарты (13.05.2016 ж. өзгерістерімен);
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 20 сәуір 2011 жыл № 152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (28.01.2016 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен).
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 18 наурыз 2008 жыл № 125 бұйрығы. Білім алушылардың оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестациясын өткізудің типтік ережелерін бекіту туралы (21.04.2017 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 29 қаңтар 2016 жыл № 107 бұйрығы. Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу ережелерін бекіту туралы;
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 20 сәуір 2011 жыл № 152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (28.01.2016 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен).

МАҒЫНАСЫ ЖІНЕ ҚЫСҚАРТЫЛУЫ

| | |
|-------|---|
| ҚР | - Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі; |
| БжҒМ | - |
| МЖМБС | - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты; |
| МАК | - Мемлекеттік аттестациялық комиссия; |
| ҚМА | - Қорытынды Мемлекеттік аттестация; |
| ББЖ | - Бітіруші біліктілік жұмысы |
| ТОЖ | - Типті қоқу жоспары; |
| ТОБ | - Типті қоқу бағдарламасы; |
| ОЖЖ | - Оқу жұмыс жоспары; |
| ҒК | - Ғылыми кеңес; |
| ОӘК | - Оқу-әдістемелік кеңес; |
| ТО | - Тіркеуші офисі; |
| ПОҚ | - Профессорлық-оқытушылар құрамы; |
| ҒРА | - Студенттің оқу кезеңіндегі орта есеппі бағасының мөлшері. |

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Академиялық адалдық – білім алушының жазбаша жұмыстарды орындау (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық), емтихандағы жауап, зерттеулердегі, өз ұстанымын көрсету, академиялық қызметкерлермен, оқытушылар мен өзге студенттермен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ бағалау барысындағы адалдығын айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдардың жиынтығы;

Академиялықкүнтізбе—демалыс күндерін (демалыс және мерекелік) көрсету арқылы оқу жылы бойындағы оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби іс-тәжірибелерді өткізу күнтізбесі;

Апелляция – студенттің білімін объективті емес бағалауға әсер ететін факторларды анықтау және жою мақсатында өткізілетін рәсім;

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – әріптік жүйенің халықаралық практикада қабылданған балдарға сәйкес және білім алушылардың рейтингін орнатуға мүмкіндік беретін білім деңгейін бағалаудың жүйесі;

Индивидуалды оқу жоспары (ИОЖ) –әрбір оқу жылына эдвайзердің көмегімен білім алушылардың типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде өзіндік қалыптастыратын оқу жоспары;

Қүзіреттер - студенттердің оқу процесі барысында алған білімі, қабілеті мен дағдыларын кәсіби қызметтерде қолдану қабілеті;

Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту;

Таңдау бойынша компонент— пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез–келген академиялық кезеңде студент өзі таңдайтын, жоғары оқу орны ұсынған, оқу пәндерінің тізімі және сәйкесінше кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) минималды көлемі;

Міндетті компонент – типтік оқу жоспарымен орнатылған және оқыту бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқу тиіс оқу пәндерінің тізімі мен сәйкесінше кредиттердің минималды көлемі;

Тіркеуші офісі—білім алушының білім жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін тұлға;

Постреквизиттар—оқу аяқталған соң алынатын, оқу үшін білімді, қабілетті және дағдыларды қажет ететін пәндер;

Пререквизиттар—оқылатын пәнді меңгеру үшін қажет білім, қабілет және дағдылардан тұратын пәндер тізімі;

Оқу-үлгерімінің орта балы (GradePointAverage - GPA)- таңдалынған пән бойынша бір оқу жылы үшін білім алушының оқу жетістігі деңгейін орта есеппі бағалау (пәндер бойынша аралық аттестация бағалар балдарының

цифрлық баламасына кредиттерді шығару соммасының оқудың ағымдағы кезеңі бойынша кредиттерінің жалпы санына қатынасы);

Білім алушының оқу жетістіктері – білім алушылардың оқу процесінде меңгерген және тұлғалық дамудың жеткен жетістігін көрсететін, білім алушының білімі, қабілеті және дағдылары.

1 Білім алушыларды қорытынды аттестациялаудың жалпы тәртібі

1. Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімі, икемділігі, дағды және құзыреті) деңгейін оқу пәнін бітіргеннен кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес бағалау рәсімі.

2. ЖОО-да бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттау МЖМББС белгіленген нысандарда өткізіледі, оның ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеде және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларында қарастырылған.

3. Студенттердің қорытынды аттестациялауы мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмыс (жоба) қорғау формасында немесе мамандық бойынша және қосымша екі профильдік пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру формасында өткізіледі.

4. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу мен қорғау үрдісінен тұрады. Сонымен қатар, дипломдық жұмыс (жоба) мақсат бітірушінің аналитикалық және зерттеу қабілеттілігін анықтау және бағалау болып табылады.

5. Университет білім алушылардың теориялық дайындық деңгейін, оқыту нәтижелері мен зерттеу-аналитикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың қорытынды аттестациялаудың формасын анықтайды: мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмыс (жоба) қорғау немесе мамандық бойынша және қосымша екі профильдік пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру.

8. Дипломдық жұмыстар (жобалар) шығарушы кафедра ұйымдастыратын плагиттан тексеру ден өтуі тиіс.

9. Мемлекеттік емтихан тапсырылатын профильдік пәндер тізімі шығарушы кафедраның ұсынысы негізінде факультет кеңесінің шешімімен бекітіледі.

10. Мемлекеттік емтихандарды тапсыру мамандықтың оқу жұмыс жоспарына және мемлекеттік емтиханға енгізілетін барлық оқу бөлімдері үшін бірыңғай оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады.

11. Студенттердің дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауы мамандықтардың оқу жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

12. Мамандық бойынша мемлекеттік емтихандар, оқу орнының аталған емтихандар жиынтығына қосылған пәндердің, оқу бағдарламалары негізінде жасалған бағдарлама бойынша өткізіледі. Мемлекеттік емтихандардың бағдарламасы университеттің ҒК шешімімен бекітіледі.

2 Мемлекеттік аттестациялық комиссияны жасақтау тәртібі

1. Білім алушылардың қорытынды аттестациясын өткізу үшін әр мамандық бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссиясы (ары қарай - МАК) жасақталады – барлық оқу бөлімі үшін, олардың құзіреттеріне кіреді:

- бітіретін түлектердің теориялық және практикалық дайындығының деңгейінің МЖМБС орнатылған жоғарғы білім мамандықтарының талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;

- сәйкес мамандық бойынша бакалавр дәрежесін тағайындау;

- сәйкес мамандық бойынша түлекке біліктілік тағайындау;

- жоғары білім туралы дипломды беру туралы шешімді қабылдау;

- мамандарды дайындаудың одан кейінгі сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстарын жасау.

2. МАК құрамы бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

3. ЖОО басшысы білім беру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарға (диплом және қосымша) ағымдағы оқу жылының 10-қазанына дейін күтілетін бітірушілер саны бойынша өтінім ұсынады.

4. МАК төрағасы мен құрамы ЖОО ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей ЖОО басшысының бұйрығымен бекітіледі және ол бір күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады

5. Мамандықтар бойынша шығарылатын түлектердің контингентіне сәйкес университет МАК сандық құрамын өзіндік анықтайды. Комиссия құрамына оның мүшелері, құқылы ретінде факультет деканы немесе шығарылатын кафедра меңгерушісі кіреді. МАК максималды сандық құрамы – 5 адамды құрайды (МАК хатшысын есепке алмағанда). МАК хатшысы оқу-көмекші персонал қатарынан немесе шығарылатын кафедра ПОҚ құрамынан тағайындалады және комиссия құрамына бекітіледі.

6. Келесі күнтізбелік жыл бойына жұмыс жасайтын МАК құрамы университеттің ҒК талқыланады және университет ректоры бұйрығымен желтоқсан айының 31-нен кешіктірілмей бекітіледі.

3 Студенттердің қорытынды аттестациясын өткізуге дайындық

1. Мемлекеттік аттестациялық комиссияның жұмыс кестесін Тіркеуші офисі құрастырады, университет ректоры бекітеді және МАК жұмысы басталғанға екі апта қалғанға дейін жалпының назарына жарияланады. Сонымен қатар МАК отырыстарының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан артық болмауы қарастырылады.

2. Қорытынды аттестаттау басталуына дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей МАК-қа ұсынылады:

1) студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкім;

2) оқытудың барлық кезеңіндегі студенттер үлгерімінің орта салмақ баға өлшемдері GRA есептелген транскрипт.

3. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың басталуына кем дегенде бес күнге дейін МАК-на ұсынылады:

- дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісінің «қорғауға жіберілсін» деген қорытындысы бар пікірі;

- дипломдық жұмысқа (жобаға) қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың жан-жақты сипаттамасы берілетін және білімді бағалаудың балды-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы көрсетілген және сәйкес мамандық бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін тағайындау мүмкіндігі көрсетілген рецензия;

- шығарушы кафедраның қорғауға ұсыну туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан көшірме);

- дипломдық жұмысты (жобаны) плагиатқа тексеру нәтижесі туралы анықтама;

4. МАК-на сонымен қатар ұсынылуы мүмкін:

- орындалған дипломдық жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын материалдар, бейресми пікірлер;

- дипломдық жұмыстың (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті іске асыратын ұйымдардың жазбаша қорытындысы;

- ғылыми зерттеуді енгізудің анықтамалары немесе актілері;

- макеттер, материалдардың, бұйымдардың үлгілері, минералдардың, гербарилердің коллекциялары және т.б.

5. Қорытынды аттестацияны өткізудің алдында Тіркеукеңсесі және университеттің Тестілеу орталығы мемлекеттік емтиханды өткізу үшін компьютерлік сыныптарды және тесттік тапсырмалардың базасын дайындайды. Сонымен қатар тіркеукеңсесі деканаттармен және кафедралармен бірлесе отырып дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау үшін арнайыландырылған аудиторияларды дайындайды.

4 Қорытынды аттестацияға студенттерді жіберу

1. Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған студенттер ғана жіберіледі.

2. Оқыту процесін толық аяқтаудың негізгі критерилері – студенттердің оқытудың теориялық курсы мен жоғары білім мамандықтарының МЖМБС немесе сәйкес ТОО-ның талаптарына сәйкес кәсіби практикаларды меңгеруі болып табылады.

3. Жұмыс және индивидуалды оқу бағдарламаларын және оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші курс білім алушылары жазғы семестрді оқусыз қайта оқыту курсына қалдырылады.

4. Білім алушылар дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғауына ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес маманның бір рецензиясы болған жағдайда жіберіледі. Оған қоса дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялау, қорғалатын дипломдық жұмыстың (жобаның) бейініне біліктілігі сәйкес келетін шет ұйымдардың тек ішкі мамандарымен іске асады.

5. Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі әр студент бойынша тақырыбы көрсетілген университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Дипломдық жұмыстардың рецензенттері жұмыс орны, қызметі мен алған білімі (мамандық бойынша оқу немесе академиялық дәрежесі, жоғары білімі туралы дипломы бойынша базалық білімі) көрсетілген, шығарушы кафедраның меңгерушілері ұсынған жалпы тізімі бойынша университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

6. Ғылыми жетекші «қорғалуға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берілген жағдайда білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберілмейді.

7. Білім алушылар дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға рецензенттің оң және теріс қорытындысы барысында да қорғауға жіберіледі.

8. Студенттердің қорытынды аттестацияға жіберілуі факультет деканы өкімімен, студенттердің тізімдік құрамы бойынша, қорытынды аттестацияның басталуына екі апта қалғанға дейін рәсімделеді және МАК-на ұсынылады.

5 Студенттердің қорытынды аттестациясын жүргізу

5.1 Қорытынды мемлекеттік емтихандарды өткізу

1. Мемлекеттік емтиханды өткізудегі мақсат - студенттердің теориялық және практикалық дайындық деңгейінің мемлекеттік емтихан бағдарламасына қосылған пәндердің кәсіби оқу бағдарламаларының көлеміне сәйкестігін тексеру болып табылады.

2. Мемлекеттік емтихандар дәстүрлі форма (ауызша, жазбаша, шығармашылық жұмысты емтихандық орындау және т.б.) бойынша немесе олардың кәсіби оқу бағдарламалары көлемінде, тестілеу формасында өткізілуі мүмкін.

Өткізілу формасы университеттің Ғылыми кеңесімен, мемлекеттік аттестациялық комиссиясының жұмысы басталғанға кем дегенде 4 ай қалғанда бекітіледі.

3. Қорытынды мемлекеттік емтихандар келесілердің өткізілуін қоса алады: мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды; пән бойынша мемлекеттік емтиханды.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан, аталған емтихан кешеніне қосылған пәндердің оқу бағдарламалары негізінде, оқу орнымен жасалған бағдарлама бойынша өткізіледі.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғарғы білім стандарты және типтік оқу бағдарламаларымен сәйкес жасалынған, оқу жұмыс бағдарламалары бойынша өткізіледі.

4. Мемлекеттік емтихандардың атауы және саны (мамандық бойынша және пән бойынша), МЖМБС, ТОЖ талаптарына тәуелді және/немесе түлектер үшін оқыту қызметі жүрген бакалавриаттың оқыту бағдарламаларына сәйкес орнатылады.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтиханның (кешенді емтиханның) еңбек сыйымдылығы, оның құрамына кіретін пәндердің кәсіби оқу бағдарламалары көлемінде анықталады. Еңбек сыйымдылығы негізінде орнатылған: емтихандық билеттер базасы – 40 кем емес, мамандық бойынша тесттік тапсырмалар базасы – мемлекеттік емтихан құрамына кіретін пәндердің оқу бағдарламаларының әрбір кредитіне 100 сұрақтан.

Пән бойынша мемлекеттік емтиханның еңбек сыйымдылығы пәннің кәсіби оқу бағдарламасы көлемінде анықталады. Еңбек сыйымдылығы негізінде орнатылған: емтихандық билеттер базасы – 40 кем емес, мамандық бойынша тесттік тапсырмалар базасы – мемлекеттік емтихан құрамына кіретін пәндердің оқу бағдарламасының әрбір кредитіне 150 сұрақтан.

Емтихандық билеттер базасын және тесттік тапсырмаларды құрастыру барысында, әртүрлі жылы оқуға түскен бакалаврлардың оқыту бағдарламаларында айырмашылық бар екендігін ескеру керек.

5. Мемлекеттік емтиханды өткізу технологиясы оның өткізілу формасына байланысты келесідей ерекшеліктерге ие:

5.1. Дәстүрлі форма барысында мемлекеттік емтихан ауызша немесе жазбаша формада өткізілуі мүмкін.

Ауызша форма барысында студенттер мемлекеттік емтиханды екі кезеңде тапсырады: I кезең – дайындық, II кезең – билеттің және мемлекеттік емтихандық комиссияның сұрақтары мен тапсырмаларына жауап. Мемлекеттік емтиханды тапсыру, кезектілік тәртібінде, бір мезгілде 5 адамға дейін өткізіледі (бір күнде емтихан тапсыратын студенттердің максималды саны 15). Мемлекеттік емтихан билеттерінің сұрақтарына және тапсырмаларына дайындыққа студенттерге 1 академиялық сағат (50 минут) беріледі. Бұл уақытта студенттер комиссия хатшысы берген ТО-нің мөрі басылған қағазға, мемлекеттік емтихан билеттерінің әрбір сұрақтары мен тапсырмалары бойынша қажет жазба жасайды. Билеттің сұрақтарына және тапсырмаларына жауап беру процесінде және одан кейін МАК мүшелері, төрағаның рұқсатымен, түлекке мемлекеттік емтихан бағдарламасы шеңберінде нақтылау және қосымша сұрақтар қоя алады. Мемлекеттік емтихан билетінің сұрақтарына жауап беруге және МАК мүшелерінің қосымша мүмкін сұрақтарына жауап беруге бөлінген уақыт – 1 академиялық сағатқа дейін.

Түлек барлық сұрақтарға жауап беріп болған соң және МАК төрағасының емтихан тапсырушыны сұрау біткенін хабарлағанынан кейін, МАК мүшелері өз жұмыс ведомостында оның әрбір қойылған сұрақтарға берген жауабы бойынша баға қояды және барлық жауаптардың үйлесімділігі бойынша қорытынды бағаны шығарады.

5.2. *Жазбаша форма бойынша* мемлекеттік емтиханды тапсыру бір уақытта – күніне топпен бірге 15 адамға дейін жүреді. Мемлекеттік емтихан екі кезеңде жүргізіледі: I кезең – студенттер жазбаша жауаптарын дайындайды, II кезең – мемлекеттік аттестациялық комиссия студенттің жауаптарын тексереді. Студенттерге сұрақтарға жазбаша жауаптарды дайындауға және мемлекеттік емтихан билеттерінің тапсырмаларын орындауға студенттерге академиялық 2 сағат (100 минут) беріледі. I кезеңде, берілген уақыт аралығында, студенттер мемлекеттік емтихан билеттерінің әрбір сұрақтары мен тапсырмаларына жазбаша жауап береді. Сұрақтарға жауаптарды студент жауап қағазына жазады. Студенттердің жауап қағаздарын Тіркеуші офисі дайындайды. Әрбір қағазға офистің мөрі қойылады және жауаптар қағаздары студентке мемлекеттік емтихан сұрақтарына дайындық алдында беріледі. Мемлекеттік аттестация

аяқталған соң студенттердің жауап қағаздары бір жыл көлемінде факультетте сақталады.

II кезеңде мемлекеттік аттестациялық комиссия студенттердің жазбаша жауаптарын тексеруді жүргізеді, ереже бойынша, олардың қатысуынсыз және осы негізде мемлекеттік емтихан билеттерінің әрбір сұрағы немесе тапсырмалары бойынша емтихан тапсырған студенттің білімін, қабілетін және дағдыларын бағалауды іске асырады және барлық жауаптардың үйлемісі бойынша қорытынды баға шығарады. Дегенмен, қажет болған жағдайда, мемлекеттік аттестациялық комиссия емтихан тапсырған студентті, мемлекеттік емтихан билеті бойынша, оның жазған жауаптарын нақтылау немесе түсініксіз жерін сұрау немесе нақты жазылмаған жауаптар бойынша шақыруға құқылы болып табылады.

5.3. *Тесттік форма барысында* мемлекеттік емтиханды тапсыру академиялық лекке немесе топқа (топтағы студенттер контингентіне байланысты) оқу орнымен жасалған және бекітілген тесттік тапсырмалар және тестілеу өткізудің технологиясы бойынша өткізіледі. Мемлекеттік емтихандарды тапсыру процесінде емтихан алатын студенттерді компьютерлік тестілеу жүргізіледі. Мемлекеттік емтихандар құрамына қосылған пәндердің саны мен көлеміне тәуелсіз, әрбір студент мемлекеттік емтиханның 80 тесттік тапсырмасын 120 минут көлемінде орындайды.

5.4. «Дизайн» мамандығы бойынша мемлекеттік емтиханның бірінші кезеңі басқа мамандықтардағы секілді – дәстүрлі немесе тестілеу формасында өткізіледі. Мемлекеттік емтиханның екінші кезеңінде студент мамандығы бойынша шығармашылық жұмыс орындайды. Емтихан тапсырушыға шығармашылық жұмысты орындауға 240 минут уақыт беріледі. Емтихан тапсырушы студенттің білімін, қабілетін және дағдыларын комиссияның бағалауы, шығармашылық жұмысты орындау процесінде іске асады және 2 астрономиялық сағат көлемінде мемлекеттік емтиханның екінші кезеңін аяқтау бойынша бағалау процесі іске асады.

6. Мемлекеттік емтихандардың нәтижелері білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады– Қосымша 1. Онымен қоса, мемлекеттік емтихандардың бағалары туралы шешімді МАК ашық дауыс беру арқылы жабық отырыста қабылдайды, отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің басым көпшілігінің даусын қарапайым санау арқылы. Дауыстардың тең болып қалуы жағдайында Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7. Белгілі бір себептеріне байланысты мемлекеттік емтиханға келмеген студент, МАК төрағасы атына өз себебін растайтын құжаттарын көрсетіп өтініш жазады, және ол аяқталған соң МАК отырысының басқа күні емтиханды тапсырады.

8. Мемлекеттік емтихандарды қабылдау бойынша МАК отырысының хаттамаларын МАК хатшысы әрбір білім алушыға индивидуалды түрде жүргізеді. Хаттаманы толтыру үшін негіз - студенттерді тестілеу нәтижелері бойынша Тіркеуші офисі ұсынатын емтихандық ведомостылар болып табылады.

9. Хаттамаға мемлекеттік емтихандарда анықталған студенттердің білім бағасы енгізіледі. Егер МАК мүшесінің біреуінің ойы басқа комиссия мүшелерінің ойымен сәйкес келмеген болса, онда ол өз ойын хаттамада жазады және қолын қояды.

10. Мемлекеттік емтихандарды тапсыру туралы МАК отырысының хаттамаларына Төраға және отырысқа қатысқан МАК мүшелері қол қояды және ол акт бойынша университет архивіне сақталуға беріледі.

11. Мемлекеттік емтихандарды тапсыру нәтижелері, МАК отырысының хаттамасына қол қойылған соң, ол өткізілген күні хабарланады.

5.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауды өткізу

1. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға бір күнде 10 адамнан артық жіберілмейді.

2. Дипломдық жұмысты қорғау МАК ашық отырысында, оның кем дегенде жарты мүшелерімен өткізіледі.

3. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы 50 минуттан аспауы керек. Онымен қоса дипломдық жұмысты қорғау рәсімі тұрады (ұсынылатын уақытты көрсетумен):

1) МАК хатшысы бітіру жұмысын және түлекті, және осы ереженің 3 параграфы, 2-4 тармақтарында көрсетілген,оның материалдарын қоса таныстырады (3 минутқа дейін);

2) Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында дипломдық жұмыс (жоба)бойынша түлектің баяндамасы (15 минутқа дейін);

3) МАК мүшелері сұрақтарына студенттің жауаптары(20 минутқа дейін);

4) Жобаның жетекшісінің пікірін тыңдау (2 минутқа дейін);

5) Рецензияларды тыңдау(5 минутқа дейін);

6) Рецензенттің ескертпелеріне студенттің жауаптары (5 минутқа дейін).

4. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша МАК білім алушыларға балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша баға қояды–Қосымша 1. Онымен қоса бағаланады: бітіру жұмысы бойынша түлектің баяндамасы; студенттің МАК мүшелерінің сұрақтарына жауаптары;аттестациядан өтуші студенттің теориялық және практикалық дайындық деңгейінің жоғарғы білім мамандықтарының МЖМБС

орнатылған талаптарына сәйкестігі, бітіруші жұмыстың ерекшелігі және ғылыми-практикалық маңыздылығы; жұмысты (жобаны) орындау және безендіру сауаттылығы және сапасы. Бағалау барысында сонымен қатар, түлектің ғылыми жетекшісінің пікірі және дипломдық жұмыстың (жобаның) рецензентінің пікірі маңызға алынады.

5. Дипломдық жобаларды қорғау бойынша барлық МАК отырыстары хаттамалармен рәсімделеді.

6. МАК хаттамаларын МАК хатшысы жүргізеді. Онымен қоса, дипломдық жұмысты қорғау бойынша хаттамалардың екі түрі рәсімделеді:

- студенттің дипломдық жұмысын (жобаны) қарастыру бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссиясы отырысының хаттамасы—Қосымша 3;

- барлық мемлекеттік емтихандарын тапсырған және дипломдық жұмысын (жобаны) қорғаған студентке «бакалавр» академиялық дәрежесін тағайындау бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссиясы отырысының хаттамасы – Қосымша 4.

Бірінші хаттамаға дипломдық жұмысын (жобаны) қорғау бойынша студенттің білімінің бағасы енгізіледі, сонымен қатар, МАК мүшелерінің қойған сұрақтары мен ойлары жазылады. Егер МАК мүшесінің біреуінің ойы басқа комиссия мүшелерінің ойымен сәйкес келмеген болса, онда ол өз ойын хаттамада жазады және қолын қояды.

Екінші хаттамада, қорытынды аттестациядан өткен және жоғары білімнің сәйкес кәсіби оқу бағдарламасын меңгергендігін растаған студентке, МАК шешімімен сәйкес мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесі тағайындалады және мемлекеттік үлгідегі жоғары білім дипломын беру туралы қабылданған шешім жазылады.

7. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау бағасы туралы шешімді, сонымен қатар академиялық дәрежені тағайындау және мемлекеттік үлгідегі дипломды беру туралы шешімі, МАК жабық отырысында қатысып отырған комиссия мүшелерінің қарапайым түрде ашық дауыс беруі арқылы қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда шешуші шешімді комиссия төрағасы қабылдайды.

8. Белгілі бір себептеріне байланысты мемлекеттік емтиханға келмеген студент, МАК төрағасы атына өз себебін растайтын құжаттарын көрсетіп өтініш жазады, және ол аяқталған соң МАК отырысының басқа күні емтиханды тапсырады және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды.

9. Аттестацияның қорытындысы бойынша қанағаттанбайтын баға алған студенттер, ректордың бұйрығымен, білімін аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтамасын беріп, университеттен шығарылады.

10. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау бойынша нәтижелері, оның өткен күні МАК отырысының хаттамасында қол қойылған соң хабарланады.

11. МАК отырысының хаттамаларына, МАК Төрағасы және отырысқа қатысқан мүшелері қол қояды, және акт бойынша университет архивіне сақтауға беріледі.

6 Бағаларды қою критерилері

6.1 Мемлекеттік емтиханда бағаларды қою критерилері

1. Студенттің тапсырған мемлекеттік емтихан нәтижесі 4-балдық жүйе бойынша бағаланады: *A, A-*, "үздік" (90 – 100 балл); *B+*, *B*, *B-*, "жақсы" (75 – 89 балл) *D-*, *C*, *C-*, *D+*, *C+*, "қанағаттанарлық"(50 – 74 балл); *F*, «қанағаттанбайтын» (0 – 49 балл).

2. Мемлекеттік емтиханды кешендік компьютерлік тестілеу формасы арқылы қабылдау барысында, МАК бағаларды индивидуалды түрде, әрбір студентке балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша, компьютермен берілетін ведомость нәтижесі негізінде білім алушылардың білімін бағалайды, ол ведомостты Тіркеуші офісі комиссия Төрағасына ұсынады. Компьютерлік бағдарлама мемлекеттік емтиханда алынған балдарды 100 балдық жүйемен есептеуді қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік емтиханды дәстүрлі формада қабылдау барысында бағалар келесі критерилер бойынша қойылады:

A, A-, "үздік" бағалары, егер студент мемлекеттік емтихан билеттері сұрақтарына жауаптар қорытындысы бойынша 90-100 балл жинайтын болса қойылады. Бұл баллды емтихандық билеттердің барлық сұрақтары толық және дұрыс берілген жауаптарға лайықты болып табылады. Жауаптардың мазмұны болашақ біліктілікке сәйкес, теориялық секілді сонымен қатар практикалық та сұрақтар, сенімді, терең білім туралы растайды. Жауаптар көрнекі ғалымдардың еңбектеріне сілтемелерден тұрады, теориялық жағдайды суреттейтін статистикалық мәліметтер келтіріледі. Мемлекеттік аттестациялық комиссиясының сұрақтарына жауап беру барысында түлек өзінің әдеби тіл байлығының жоғары деңгейін, өзіндік ойлау қабілетін, шығармашылық әдісін көрсетеді.

B+, *B*, *B-*, "жақсы" бағалары мемлекеттік емтиханды қабылдаудың дәстүрлі формасы барысында қойылады, егер студент мемлекеттік емтихан билеттерінің сұрақтарына жауап беру нәтижесі бойынша 75-89 балл алатын болса. Бұл балл толық, терең білімін, өз ойын нақты қалыптастыра білуі және жеткізе білу қабілетін дәлелдеген жауаптарға қойылады. Онымен қоса, билеттің сұрақтары көбінесе жеткілікті толық қамтылған, ал біреуі – жалпы сипаты қамтылған, болашақ біліктілігіне сәйкес практикалық

сұрақтарда еркін бағытталу дағдысы мен тереңдігінсіз. Барлық сұрақтарға жауаптарда әдеби тіл нормасы сақталады, мысалдар, статистикалық мәліметтер келтіріледі, көрнекі ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасалады. Билеттің негізгі және қосымша сұрақтарына жауап беру барысында кейбір маңыздылығы төмен қателіктер жіберілген.

C-, C, C+, D-, D+, "қанағаттанарлық" бағалары қойылады, егер студент мемлекеттік емтихан билетінің сұрақтарына жауап беру қорытындысы бойынша 50 – 74 балл жинайтын болса. Бұл балдар кем дегенде бір сұрақ толығымен қамтылған, ал қалғандары жеткілікті түрде толық ашылмаған жағдайда қойылады. Жауаптардың мазмұны түлектің білімінің жеткіліксіз екенін және оның болашақ мамандығына қатысты практикалық сұрақтарда бағытталу мүмкіндігінің шектелгендігін дәлелдеген жауаптарға қойылады. Билеттің негізгі және қосымша сұрақтарына жауап беру барысында фактілік қателіктер жіберілген. Жауаптарда материалдарды баяндау кезектілігінде, әдеби тіл нормасында қателіктер табылған.

F, «қанағаттанбайтын» бағалары қойылады, егер студент мемлекеттік емтихан сұрақтарына жауап беру қорытындысы бойынша 0 – 49 балл жинаған болса. Бұл балл мемлекеттік емтихан билеттерінің барлық сұрақтары қамтылмаған және мемлекеттік аттестациялық комиссия мүшелерінің сұрақтарына дұрыс жауап берілмеген немесе толығымен жауап бермеген жағдайларда қойылады. Жауаптардың мазмұны түлектің теориялық білімінің әлсіздігін көрсетеді. Билеттің негізгі және қосымша сұрақтарына жауаптарда айтарлықтай фактілік қателіктер жіберілген немесе студент сұрақтарға жауап бермеген жағдайда.

6.2. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауда бағаларды қою критерилері

1. Студенттің дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауының нәтижесі де4-балдық жүйе бойынша бағаланады: А, А-, "үздік" (90 – 100 балл); В+, В, В-, "жақсы" (75 – 89 балл); D-, С, С-, D+, С+, "қанағаттанарлық" (50 – 74 балл); F, «қанағаттанбайтын» (0 – 49 балл).

– **А, А-, "үздік"** бағалары, практикамен тығыз байланыста сауатты және жан-жақты қамтылған дипломдық жұмыстың (жобаның) таңдалынған тақырыбына лайықты, оның авторы әдеби және нормативтік құжаттармен жұмыс жасау қабілетін көрсетеді, зерттеу жүргізеді, теориялық және практикалық қорытындылар шығару қабілетін көрсетеді, ал мемлекеттік емтихандық комиссиясының мүшелерінің сұрақтарына жауап беру кезінде, толық және дұрыс жауап береді, мамандықтың оқыту

бағдарламасының барлық материалдарын терең әрі толық білетіндегін көрсетеді;

– **B+, B, B-**, "**жақсы**" бағалары, қойылады, егер, дипломдық жұмысты (жобаны) бітіруші білікті жұмыстардың жоғары білім бірінші кезең жұмысына қойылатын негізгі талаптарына жауап беретін қорғауға қойылады, ал түлектің өзі мамандықтың оқыту бағдарламасының материалдарын жағдайлық меңгергендігін көрсетеді, МАК сұрақтарына сенімді жауап береді, дегенмен қойылған сұрақтардың барлығына терең, толық және аргументтелген жауап бермейді;

– Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау Защита дипломной **D-, C, C-, D+, C+**, "**қанағаттанарлық**" деп бағаланады, егер, ол жұмыста көбінесе, жоғары білімнің бірінші кезеңіне қойылатын талаптардан бітіруші жұмысқа қойылатын талаптарының жалпы талаптары ғана сақталған. Дегенмен, түлек дипломдық жұмыстың (жобаның) алдына қойған кейбір мақсаттарын толық емес немесе дұрыс емес ашады. Мемлекеттік емтихандық комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру барысында сұрақтарға ат-үсті жауап береді, айтарлықтай қателіктер жібереді, сонымен қатар мамандықтың оқыту бағдарламасы материалдарын меңгерудің қанағаттанарлық деңгейін көрсетеді;

– **F**, «**қанағаттанбайтын**» бағаланады, егер жетекшінің пікірінде немесе рецензенттің рецензиясында дипломдық жұмысқа (жобаға) оның мазмұны және безендіруі бойынша айтарлықтай ескертпелері болса, студенттің мемлекеттік емтихандық комиссиясының сұрақтарына студенттің жауабы дұрыс емес және аргументтелгендігімен ерекшеленбейтін болса, сонымен қатар түлек мамандықтың оқыту бағдарламасы материалдарын меңгеру бойынша қанағаттанбайтын деңгей көрсеткен жағдайда.

7 Апелляция және қорытынды аттестациялауды қайта тапсыру ережелері

1. Қорытынды аттестация нәтижесімен келіспейтін білім алушы, ол өткізілген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кем емес мерзімде апелляция береді.

2. Апелляцияны өткізу үшін университет ректорының бұйрығымен, мамандықтың бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар, тәжірибелі оқытушылар құрамы қатарынан апелляциялық комиссия жасақталады.

3. Апелляция қанағаттандырылатын болса, МАК қайта отырысы рәсімделеді. Бұл жағдайда бірінші хаттаманың нәтижелері «___бетіндегі баға № ___хаттамасымен қайта қаралды» деген жазбасымен өшіріледі және барлық қатысып отырған МАК мүшелері қол қояды.

4. МАК ұсынылған, қанағаттанарлық баға алған соң денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

5. Оң бағаны көтеру мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғау рұқсат етілмейді.

6. «Қанағаттанбайтын» баға алған тұлғаларға мемлекеттік емтиханды қайта тапсыру және/немесе дипломдық жұмысты қайта қорғау қорытынды аттестацияның аталған кезеңінде рұқсат етілмейді.

7. «Мирас» университетінде білім алушы студенттерді қорытынды аттестациялауды өткізу туралы Ережеге сәйкес, апелляцияны қарау ол берілген күннен бастап кем дегенде екі жұмыс күнінде жүргізіледі.

Апелляция апелляциялық комиссия отырысында қаралады, ол жерге сәйкес мемлекеттік аттестациялық комиссиясының төрағасы және апелляцияға берген түлек шақырылады.

Мемлекеттік емтиханды өткізу бойынша рәсімдік сұрақтарды қарау үшін емтихандық комиссияның хатшысы, апелляциялық комиссияға мемлекеттік емтиханды жүргізу хаттамасын, тестілеу (мемлекеттік емтиханды тестілеу формасында тапсырған жағдайда) немесе түлектің жазба жауаптары (мемлекеттік емтиханды дәстүрлі формасында тапсырған жағдайда) нәтижесін және мемлекеттік емтиханды өткізу барысында рәсімдік сұрақтардың сақталғандығы туралы мемлекеттік емтихандық комиссиясы төрағасының қорытындысын бағыттайды.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау бойынша рәсімдік сұрақтарды қарау үшін, аттестациялық комиссия хатшысы апелляциялық комиссияға бітіруші біліктілік жұмысын, жетекшінің пікірін, рецензиясын, бітіруші біліктілік жұмысын қорғауды жүргізу хаттамасын және апелляцияға берген түлектің қорғау барысында рәсімдік сұрақтарды сақтағандығы туралы мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасының қорытындысы жіберіледі.

Апелляциялық комиссия шешімі дауыстардың көпшілігі бойынша бекітіледі. Дауыстар тең түскен жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беру құқығына ие.

Апелляциялық комиссияның шешімі, оның төрағасымен қол қойылған хаттамамен рәсімделген түрде апелляцияға берген түлекке апелляциялық комиссия отырысы күнінен бастап үш күн ішінде жеткізіледі.

Дипломдық жұмыс (жоба) қанағаттанарлық емес деп танылған жағдайда, МАК осы жұмысты қайта өңдеу, немесе жаңа тақырып жасау арқылы қайта қорғау үшін мүмкіндік орнатады. Аталған МАК шешімі отырыс хаттамасына жазылады.

8. Қорытынды аттестациядан өтпеген тұлға, келесі оқу жылында қорытынды аттестацияның басталуына кем дегенде бір ай қалғанда, ректордың атына қорытынды аттестацияны қайта тапсыруға рұқсат беруіне өтініш жазады.

9. Қорытынды аттестацияны қайта тапсыруға рұқсат университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

10. Қайта қорытынды аттестация, алдында қанағаттанарлық емес деген баға алынған қорытынды аттестацияның формасы бойынша ғана өткізіледі.

11. Осы емтихандарды тапсырмаған тұлғалар үшін, мемлекеттік емтихандарға кіретін пәндер тізімі, білім алушы теориялық курсы аяқтаған жылы жұмыс жасаған оқу жоспарымен анықталады.

8 Жоғары білімі туралы дипломды беру

1. Аттестаттаудан өткен және жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасын меңгергендігін дәлелдеген білім алушыға МАК шешімімен "бакалавр" дәрежесі немесе сәйкес келетін мамандығы бойынша біліктілік тағайындалып, мемлекеттік үлгідегі диплом (дипломға қосымшасымен) академиялық күнтізбеге сәйкес қорытынды аттестаттау өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде ақысыз беріледі.

Транскрипте барлық оқу пәні, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), кәсіптік тәжірибе түрлері, қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білім бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

2. Дипломға қосымша студенттің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартымен және оқу жұмыс жоспарларымен, тапсырылған курстық жұмыстары және қорытынды аттестация нәтижесімен қарастырылған көлемдегі барлық пәндер бойынша, студенттің индивидуалды оқу жоспарын орындағы туралы анықтама негізінде толтырылады.

Дипломға қосымшада әрбір оқу пәні бойынша соңғы алынған бағалар, оның кредиттегі көлемін және академиялық сағаттағы көлемін көрсету арқылы білімді балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша жазылады.

3. Емтихандарын және дифференциалды сынақтарын А, А- "үздік", В-, В, В+ "жақсы" бағаларымен тапсырған және бүкіл оқу кезеңі бойынша оқу үлгерімінің 3,5 орта балына (GPA) ие болған студентке, сонымен қатар дипломдық жұмысты (жобаны) А, А- "үздік" бағасымен қорғаған студентке үздік (әскери дайындық бойынша бағаны есепке алмай) диплом беріледі.

4. Оқу кезеңі бойынша емтихандарды қайта тапсырған немесе қайта сынақ тапсырған студенттер, 3 тармағының талаптарына сәйкестігіне карамастан үздік диплом ала алмайды.

9 Қорытынды аттестация бойынша есеп

1. МАК жұмысы аяқталған соң оның Төрағасы есеп жазады және оны екі күннің ішінде университет ректорына ұсынады. Ол есеп оқу орнының Ғылыми кеңесі отырысында талқыланады және бекітіледі.

2. МАК Төрағасының есебінде кесте және түсіндірме хаты қосылады. Кестелерде аталған Ережелерге 5 қосымшада келтірілген көрсеткіштер бейнеленеді. МАК төрағасы түсіндірме хатында бейнеленеді:

- мемлекеттік емтихандарда анықталған білім алушылардың білімі сипаттамасы, бөлек пәндер бойынша мамандарды дайындаудағы кемшіліктер;

- дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау сапасы, сонымен қоса, кәсіпорындар, ұйымдар тапсырысы бойынша жасалған дипломдық жұмыстардың (жобалардың) сапасы;

- дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбының заманауи ғылым, техника, мәдениет және кәсіпорын сұраныстарына сәйкестігі;

- жоғары білім мекемесіндегі аталған мамандықтар бойынша мамандарды дайындау деңгейі;

- аталған мамандық бойынша кадрлерді дайындау сапасының талдауы;

- мемлекеттік емтихандар және дипломдық жұмыстар (жобалар) қорғау қорытындысы бойынша МАК-ның жасаған, жоғары оқу орындарында мамандарды дайындауды ары қарай дамыту бойынша нақты ұсыныстар;

- рецензиялардың пікірі дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау деңгейіне сәйкестігі.

3. Жоғары білім берудің тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыға қорытынды аттестаттау нәтижесі негізінде ЖОО басшысының білім алушыларды шығару туралы бұйрығымен "бакалавр" академиялық дәрежесі тағайындалады немесе сәйкес келетін мамандығы бойынша біліктілік беріледі

4. Білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған білім алушыға № 289 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша білімі аяқталмаған азаматтарға берілетін анықтама беріле отырып, ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан шығарылады.

5. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген ЖОО-ны бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), мамандығы және білім беру ұйымының басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

6. Қазақстан Республикасының "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" заңына сәйкес МАК-тың хаттамалары ЖОО-ның мұрағатында сақталады

7. Барлық дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғалған соң сипаттамасы бойынша шығарушы кафедра оқу орны архивіне тапсырады, онда ол 5 жыл бойына сақталады. Бұл мерзім аяқталған соң, ректордың бұйрығымен құрылған комиссияның акты бойынша дипломдық жұмыстарды (жобаларды) есептен шығару іске асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалаудың дәстүрлі түріне
ауыстырумен білімді балды-рейтингті әріптік бағалау жүйесі

| Әріптік жүйе бойынша баға | Балдардың сандық эквиваленті | %-дық мазмұны | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---------------------------|------------------------------|---------------|-------------------------------|
| A | 4,0 | 95-100 | үздік |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | қанағаттанарлық |
| C | 2,0 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | қанағаттанбайтын |

Пән немесе мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру туралы
мемлекеттік аттестациялық комиссиясы отырысының хаттамасының
формасы

ХАТТАМА № _____
мемлекеттік аттестациялық комиссия отырысы
(әрбір білім алушыға толтырылады)

" ____ " _____ 20__ ж. ____ сағат. ____ минуттан ____ сағат ____ минутқа дейін.

Қатысты: мемлекеттік аттестациялық комиссиясының төрағасы

Комиссия мүшелері: _____

Пән немесе мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру туралы

емтихан тапсырушы студент _____

(тегі, аты, әкесінің аты, мамандық)

Сұрақтар: (пән блогы бойынша тестілеу нәтижелері)

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

1. Студент _____

(тегі, аты-жөні)

мемлекеттік емтиханды _____

(пәннің, мамандықтың атауы)

бағасымен тапсырмаған растау _____

(балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға)

2. Студент _____

(тегі, аты-жөні)

3. Мемлекеттік аттестациялық комиссия мүшелерінің ерекше ойлары

Төраға _____
(қолы)

Комиссия мүшелері _____
(қолы)

Хатшы _____
(қолы)

Студенттің дипломдық жұмысын (жобасын) қарастыру бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссияның отырысы хаттамасының формасы

ХАТТАМА № _____

мемлекеттік аттестациялық комиссия отырысы

" ____ " _____ 20__ ж. ____ сағат. ____ минуттан ____ сағат ____ минутқа дейін.

студенттің дипломдық жұмысын (жобасын) қарастыру бойынша _____

(тегі, аты, әкесінің аты, мамандығы)

тақырыбында: _____

Қатысты:

Төраға _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мүшелері:

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшілігімен орындалды _____

(тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми немесе академиялық дәрежесі)

Кеңес беруімен _____

(тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жұмыс орны, лауазымы)

рецензент _____

(тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жұмыс орны, лауазымы)

мемлекеттік аттестациялық комиссиясына келесі материалдар ұсынылды:

- 1) есептік-түсіндірме хаты немесе _____ бетті дипломдық жұмыстың (жобаның) мәтіні;
- 2) дипломдық жұмысқа (жобаға) _____ беттегі сызбалар, кестелер;
- 3) дипломдық жұмысқа (жобаға) қорытындысымен ғылыми жетекшінің пікірі _____;

("қорғауға жіберіледі" деп көрсету)

4) дипломдық жұмысқа (жобаға) бағасымен рецензия _____

(рецензенттің бағасы көрсетіледі)

дипломдық жұмыстың (жобаның) орындалғандығы туралы хабарлаған соң, _____ минут көлемінде студентке келесі сұрақтар қойылды:

1. _____
(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақ)

2. _____
(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақ)

3. _____
(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақ)

4. _____
(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақ)

5. _____
(комиссия мүшесінің тегі, аты-жөні және қойылған сұрақ)

студенттің қойылған сұрақтардың жауаптарының жалпы сипаттамасы

дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау барысында студент _____
(тегі, аты-жөні)

көрсетті _____
(жалпы теориялық және арнайы дайындық бойынша білім деңгейі қандай)

студент дипломдық жұмысты (жобаны) бағасымен орындағанын растау

(балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға)

комиссия мүшелерінің ерекше ойлары _____

Төраға _____
(қолы)

Комиссия мүшелері _____
(қолдары)

Хатшы _____
(қолы)

«бакалавр» дәрежесін студентке тағайындау бойынша МАК отырысының
хаттамасының формасы

ХАТТАМА № ____

мемлекеттік аттестациялық комиссия отырысы

" ____ " _____ 20__ ж. ____ сағат. ____ минуттан ____ сағат ____ минутқа дейін.

барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырған және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаған студентке «бакалавр» дәрежесін тағайындау туралы.

Қатысты:

мемлекеттік аттестациялық комиссиясының төрағасы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Комиссия мүшелері

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Студент _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, мамандығы)

бағасымен мемлекеттік емтихандарды тапсырды және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғады:

_____ (пәннің, дипломдық жұмыстың атауы, білімді балдық-рейтингтік әріптік

_____ бағалау жүйесі бойынша баға, тапсыру мерзімі)

Студенттің мамандық бойынша барлық оқу жоспарларымен қарастырылған мемлекеттік емтихандарды тапсырғанын және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғағанын растау.

Студентке тағайындау _____

_____ (тегі, аты-жөні)

"бакалавр" дәрежесін _____

мамандығы _____

бойынша _____

_____ (мамандық коды және атауы)

комиссия мүшелерінің ерекше ойлары _____

жоғарғы білім туралы диплом беру _____

_____ (үздік, үздік емес)

Төраға _____

_____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____

_____ (қолдары)

Хатшы _____

_____ (қолы)

Студенттерді қорытынды аттестациялау қорытындысы.

Кесте 1. Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау нәтижелері _____ жылына
оқу формасы _____
мамандығы _____
оқу орны атауы _____

| қорытынды аттестациялау формасы | Қорытынды аттестациялауға жіберілгендер саны | Тапсырғандар саны | Оның ішінде тапсырды: | | | | Орта балл | келмеген | %сапа | Тапсырған оқу-үлгерімі % |
|--------------------------------------|--|-------------------|-----------------------|-------|-----------------|----------------------|-----------|----------|-------|--------------------------|
| | | | үздік | жақсы | қанағаттанарлық | Қанағаттанарлық емес | | | | |
| Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан | | | | | | | | | | |
| Дипломдық жұмысты қорғау | | | | | | | | | | |
| қорытынды | | | | | | | | | | |

Кесте 2. Түлектерді қорытынды аттестациялаудың жалпы нәтижелері _____ жылына
оқу формасы _____
мамандығы _____
оқу орны атауы _____

| ҚМА жіберілгендер саны | ҚМА қатыспағандар саны | ҚМА тапсырғандар саны | Оның ішінде тапсырды | | | | Қанағаттанарлық баға алмады | Орта балы |
|------------------------|------------------------|-----------------------|----------------------|----------------------|----------------|---------------------|-----------------------------|-----------|
| | | | Тек үздік | Тек үздік және жақсы | Аралас бағалар | Тек қанағаттанарлық | | |
| | | | | | | | | |

Кесте 3. Оқудың күндізгі және сыртқы формалары бойынша мамандарды дайындаудың сапалық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау

| Көрсеткіштер | күндізгі | сыртқы | жалпы |
|---------------------|----------|--------|-------|
| % Сапа | | | |
| % Оқу-үлгерімі | | | |
| Үздік дипломын алды | | | |

Кесте 4. Шығарудың салыстырмалы талдауы

| Көрсеткіштер | Алдыңғы кезең | Есептік кезең |
|----------------|---------------|---------------|
| % Сапа | | |
| % Оқу-үлгерімі | | |
| Орта балы | | |

